ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 30 маусым №2301-23-00-2/681 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.Динжанова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Құрманғазы атындағы мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Qaz suppliers» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор М.Кыстаубаева

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 12 қаңтардағы мемлекеттік сатып алудың қорытындысы негізінде тараптар арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №3 келісім-шарт 2023 жылғы 14 қаңтарда жасақталған (бұдан әрі – шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшасына сәйкес, жауапкер талап қоюшыға техникалық шарттарға сәйкес қалалық іс-шараларға гүл композицияларын жасау бойынша қызметтерді өтінім берген сәттен бастап 1-2 сағаттан асырмай жеткізуге міндетті болған. Шарттың қолданыс мерзімі 2023 жылғы 31 желтоқсан, шарт сомасы – 3 750 000 теңге.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жауапкермен шарттың міндеттемелері орындалмағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған талап қоюшы өкілі мен жауапкер сотқа қатысқан жоқ, қатыспау себептерінің дәлелділігі жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өздерінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (әрі қарай – АПК) 196-бабының 4- бөлігін басшылыққа алып, сот істі талап қоюшы өкілі мен жауапкердің қатысуынсыз қарады.

Бастапқы сот отырысында қатысқан талап қоюшы өкілі М.Торпаков талапты қуаттап, «8 наурыз халықаралық әйелдер күні» мейрамына орай шаралар ұйымдастырылғанын, соған сәйкес гүл әкелуге тапсырысты ағымдағы жылдың 06 наурыз күні веб-портал арқылы жауапкерге жолдағанын, алайда гүл жеткізілмегенін, жағымсыз салдар орын алғанын, жауапкер бұрын міндеттемені орындағанын, шарт 11 сәуірде бұзылғанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызына жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы, талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болған.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың <u>тізілімі</u> өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 8-тармағында түсіндірілгендей, мемлекеттік сатып алу туралы

Құжатқа қол қойылған: Балмұханова А. Р., 10.07.2023

өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарттық міндеттемелерін техникалық ерекшелікте көзделген мерзімде орындамаған, тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдар туындаған.

Бұл жағдайда сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын негізді деп таниды.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 196, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Құрманғазы атындағы мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының «Qaz suppliers» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Qaz suppliers» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Qaz suppliers» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар

Құжатқа қол қойылған: Балмұханова А. Р., 10.07.2023

өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Р.Балмуханова

Анықтама:

Шешім заңды күшіне 2023 жылғы 11 тамызда енді.

Судья А.Р.Балмуханова

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 10.07.2023

2301-23-3-1/755